

Қазақстан Республикасының Білім және Мәдениет мекемелеріне есімдер беру және олардың атауларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 сәуір N 384

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Торғай, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен және Мәдениет министрлігімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) білім және мәдениет мекемелеріне:

Ақтөбе облысы бойынша

Байғанин ауданының Жем орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықовтың;

Ырғыз ауданының "Қызыл партизан" орталау мектебіне - ғалым-математик, профессор Мырзағали Төлегеновтың;

Ырғыз ауданының Коминтерн орта мектебіне - ғалым, қоғам қайраткері Телжан Шонановтың;

Ырғыз ауданының Темірастау орта мектебіне - қоғам қайраткері Бәймен Алмановтың;

Шалқар ауданының N 1 спорт мектебіне - Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген жаттықтырушысы Владимир Цехонвичтің;

Шалқар ауданының Қосқақ орта мектебіне - белгілі күйші композитор Қазанғап Тілепбергенұлының

Алматы облысы бойынша

Іле ауданының N 18 орта мектебіне - белгілі актер, халық әртісі Ыдырыс Ноғайбаевтың;

Райымбек ауданының Текес музыка мектебіне - белгілі күйші-композитор Қожеке Назарұлының;

Талғар ауданының N 3 орта мектебіне - Абай Құнанбаевтың;

Ұйғыр ауданының Ұзынтам орталау мектебіне - белгілі ұйғыр педагогы Мәсім Мақсатовтың;

Қапшағай қаласындағы жасөспірімдер спорт мектебіне - даңқты спортшы, "Таэквонда" бойынша қара белбеудің алты дүркін иегері Мұстафа Өзтүрктің

Атырау облысы бойынша

Махамбет ауданының Сартоғай орта мектебіне - еңбек сіңірген мұғалім Қарабай Қалыбековтың;

Индер ауданының Құрылыс орталау мектебіне - халық ақыны Мұрат Мөңкеұлының;

Атырау қаласының N 12 орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, белгілі педагог Фаина Досымованың

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Шыңғырлау ауданының "Новопетровка" орта мектебіне - "Даңқ" орденінің үш дәрежесінің толық иегері Бисенғали Мұхамбетовтың;

Шыңғырлау ауданының "Шиелі" орта мектебіне - қазақтың белгілі биохимигі, профессор Лұқпан Қылышовтың;

Орда ауданының "Искра" орта мектебіне қазақ генералы Шәкір Жексенбаевтың

Жамбыл облысы бойынша

Меркі ауданының N 11 "Ақермен" орта мектебіне - белгілі лингвист, профессор Әмеди Хасеновтың

Жезқазған облысы бойынша

Ақадыр ауданының "Өспен" орта мектебіне - көрнекті мемлекет қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллиннің;

Ақадыр ауданының "Киікті" орта мектебіне - белгілі композитор Сыдық Мұхамеджановтың

Қарағанды облысы бойынша

Нұра ауданының "Энтузиаст" орта мектебіне - Сәкен Сейфуллиннің;

Нұра ауданының кәсіптік-техникалық училищесіне - Социалистік Еңбек Ері Нүркен Айтуғановтың;

Қарқаралы ауданының "Ақтерек" орталау мектебіне - көрнекті ғалым-лингвист Ахмет Байтұрсыновтың;

Қарағанды қаласының N 39 орта мектебіне аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың;

Теміртау қаласының N 1 музыка мектебіне - белгілі композитор,

халық әртісі Ғазизи Жұбанованың;

Шахтинск қаласының орталық кітапханасына - ұлы ойшыл, мемлекет қайраткері Бұқар жыраудың

Қызылорда облысы бойынша

Жаңақорған ауданының N 52 орта мектебіне - көрнекті қоғам қайраткері Бейкайдар Аралбаевтың;

Қызылорда қаласының N 136 орта мектебіне - көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтың;

Жаңақорған ауданының "Бірлік" орта мектебіне - көрнекті мемлекет қайраткері, публицист Сұлтанбек Қожановтың;

Жаңақорған ауданының мәдениет үйіне - халық ақыны Манап Көкеновтың;

Қазалы ауданының N 96 орта мектебіне - белгілі ақын Қарасақал Ерімбеттің;

Шиелі ауданының N 252 орта мектебіне- Кеңес Одағының Батыры Георгий Ковтуновтың;

Сырдария ауданының N 141 орта мектебіне қоғам қайраткері,

1-шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Қапан Сәбіровтың

Қостанай облысы бойынша

Қостанай мемлекеттік университетіне көрнекті ғалым-лингвист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Оңтүстік Қазақстан облыстық филармониясына - белгілі композитор, халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың;

Шымкент қаласының N 69 орта мектебіне - белгілі жазушы Саттар Ерубайевтың;

Алғабас ауданының "Ақмешіт" жалгерлер бірлестігінің мәдени-спорт

кешеніне - белгілі суырып салма халық ақыны Манат Қыздың;

Ордабасы ауданының "Бөген" орталау мектебіне - көрнекті ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаевтың;

Сарыағаш ауданының "Новоабад" тәжік орта мектебіне - көрнекті мемлекет қайраткері, академик Бабажан Ғафуровтың;

Сарыағаш ауданының "Красин" орта мектебіне - даңқты батыр, жазушы Бауыржан Момышұлының;

Сарыағаш ауданының "Стаханов" орта мектебіне - белгілі ақын Қасым Аманжоловтың;

Созақ ауданының N 36 орта мектебіне - академик Исмет Кеңесбаевтың;

Түркістан қаласының N 15 орта мектебіне - аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың

Павлодар облысы бойынша

Май ауданының "Белогор" орта мектебіне - Ауғанстанда әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан, интернационалист-жауынгер Ерсін Мұқашевтың;

Павлодар қаласының N 12 орта мектебіне - белгілі ақын Қалижан Бекхожинның

Семей облысы бойынша

Таскескен ауданының Қарақол орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Ішпекбай Жақсыбековтың;

Шұбартау ауданының Шұбартау орта мектебіне - халық ақыны Төлеу Кәдіковтың;

Көкпекті ауданының Егіндібұлақ орталау мектебіне - белгілі ақын, философ Шәкәрім Құдайбердиевтің;

Абай ауданының Қарауыл селосының музыкалық мектебіне - белгілі әнші, композитор және жазушы Жәнібек Кәрменовтың;

Шұбартау ауданының Мәдениет үйіне - әнші, әрі композитор Уайыс Шондыбаевтың;

Семей медицина училищесіне - қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі Дүйсенбі Қалмаевтің

Талдықорған облысы бойынша

Көксу ауданының Кеңарал орталау мектебіне - белгілі қызылшашы, қоғам қайраткері Сындыбала Қырықбаеваның;

Қапал ауданының Суықсай Мәдениет үйіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Есболған Жайсаңбаевтың;

Кербұлақ аудандық Мәдениет үйіне - суырып салма ақын Әбікен Сарыбаевтың;

Көксу ауданының Мұқыр Мәдениет үйіне - Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген әртісі Жақып Әбілтаевтің;

Гвардия ауданының "Бостон" орта мектебіне - ғалым-математик, профессор Науқанбай Әлмұханбетовтың;

Қаратал ауданының N 1 Үштөбе орта мектебіне - белгілі жазушы Кемел Тоқаевтың

Торғай облысы бойынша

Торғай облыстық музыкалық драма театрына -көрнекті ғалым лингвист Ахмет Байтұрсыновтың;

Амангелді ауданының "Байғабыл" орта мектебіне - белгілі жазушы Ақан Нұрмановтың;

Жангелдин ауданының "Юбилейный" орта мектебіне - белгілі ақын Сырбай Мәуленовтің

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Самар ауданының Самар орта мектебіне - осы ауданның тұңғыш

мектебінің негізін салушы және ұйымдастырушы Жұбандық Болғанбаевтың;

Зайсан қаласының N 3 бастауыш мектебіне - көрнекті педагог Хафиза Мұстафинаның;

Лениногор қаласының N 14 кәсіптік-техникалық училищесіне Кеңес Одағының Батыры Виталий Безголосовтың;

Ұлан ауданының "Ақтау" орта мектебіне - белгілі жазушы-драматург Оралхан Бөкеевтің

Алматы қаласы бойынша

N 137 орта мектепке - Мағжан Жұмабаевтың;

Республикалық балалар кітапханасына - белгілі балалар жазушы

Сапарғали Бегалиннің;

Республикалық жастар кітапханасына - Жамбыл Жабаевтың есімін беру туралы ұсыныстары қабылдансын.

ә) білім және мәдениет мекемелерінің атауларын:

Ақтөбе облысы бойынша

Мұғаджар ауданының Киров атындағы бастауыш мектебін - "Шилі" бастауыш мектебі;

Мұғаджар ауданының ВЛКСМ-нің 30 жылдығы атындағы орта мектебін - "Құмсай" орта мектебі;

Шалқар ауданының К.Марк атындағы орта мектебін - "Қаратоғай" орта мектебі;

Бірғыз ауданының Э.Тельман атындағы орталау мектебін - қоғам қайраткері Тел Жаманмұрынов атындағы орталау мектеп;

Бірғыз ауданының Калинин атындағы орталау мектебін - "Темірастау" орталау мектебі

Алматы облысы бойынша

Балқаш ауданының Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектебін - көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп;

Райымбек ауданының Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта

мектебін - белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаев атындағы орта мектеп;

Еңбекшіқазақ ауданының Ушинский атындағы орта мектебін - қазақ әдебиетінің классигі Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектеп

Атырау облысы бойынша

Жылыой ауданының Островский атындағы орта мектебін - атақты мерген, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Есқайыр Халықов атындағы орта мектеп;

<*>

Индер ауданының Ленин атындағы орта мектебін - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Мұханғазы Сиранов атындағы

мектеп

Ескерту. "ә" бөліміне өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.20.

№ 613 қаулысымен.

Р960613_

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Шыңғырлау ауданының "Социализм" орталау мектебін - "Ақсуат"
орталау мектебі

Жамбыл облысы бойынша

Жуалы ауданының Киров атындағы орта мектебін - белгілі журналист
Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектеп;

Қаратау қаласының А.Гайдар атындағы орта мектебін - Дінмұхамед
Қонаев атындағы орта мектеп

Қарағанды облысы бойынша

Қарағанды қаласының Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы шахтаның
Мәдениет үйін - Аппақ Байжанов атындағы Мәдениет үйі

Қызылорда облысы бойынша

Шиелі ауданының Октябрьдің XIX жылдығы атындағы орта мектебін - "Ақорда"
орта мектебі;

Шиелі ауданының "Авангард" орта мектебін - "Ақмая" орта мектебі;

Шиелі ауданының "Гигант" орта мектебін - "Бидайкөл" орта мектебі;

Тереңөзек ауданының Калинин атындағы орта мектебін - көрнекті қоғам қайраткері
Иса Тоқтыбаев атындағы орта мектеп;

Қазалы ауданының "Қызылту" орта мектебін - қоғам қайраткері Қашақбай Пірімов
атындағы орта мектеп;

Жаңақорған ауданының ВЛКСМ-ның 30 жылдығы атындағы N 51 орта мектебін -
академик Мұхамеджан Қаратаев атындағы орта мектеп

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түркістан ауданының Куйбышов атындағы орта мектебін - "Бабайқорған" орта
мектебі;

Түркістан ауданының "XX партсъезд" атындағы орта мектебін - "Майдантал" орта

мектебі;

Сайрам ауданының Лапшин атындағы орта мектебін - атақты күйші-композитор Дина Нұрпейісова атындағы орта мектеп;

Келес ауданының "Коминтерн" орта мектебін - көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп;

Келес ауданының "Большевик" орта мектебін - көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп;

Созақ ауданының Гагарин атындағы орта мектебін - белгілі қобызшы, композитор Жаппас Қаламбаев атындағы мектеп;

Созақ ауданының Октябрьдің 50-жылдығы атындағы орта мектебін - белгілі айтыс ақыны, жырау Құлыншақ Кемелұлы атындағы орта мектеп;

Созақ ауданының Энгельс атындағы орта мектебін - "Қарағұр" орта мектебі;

Киров ауданының Чкалов атындағы орта мектебін - көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының Калинин атындағы орта мектебін - белгілі ақын Майлықожа атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының Горький атындағы орта мектебін - белгілі математик-ғалым, академик Орынбек Жәутіков атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының Макаренко атындағы орта мектебін - Шығыстың ұлы ойшылы Қожа Ахмет Иассауи атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының Лермонтов атындағы орта мектебін - аса көрнекті мемлекет қайраткері Төле би атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының Фурманов атындағы орталау - мектебін - белгілі ақын Мұқағали Мақатаев атындағы орталау мектеп;

Сарыағаш ауданының "XX партсъезд" атындағы орта мектебін - белгілі ақын Төлеген Айбергенов атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының К.Маркс атындағы орта мектебін - халық ақыны Махамбет Өтемісұлы атындағы мектеп;

Сарыағаш ауданының Тельман атындағы орта мектебін - аса көрнекті мемлекет қайраткері Абылай хан атындағы орта мектеп;

Сарыағаш ауданының "Комсомол" орта мектебін - көрнекті ақын,

философ Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы орта мектеп;

Қазығұрт ауданының Чкалов атындағы орта мектебін - экономист-ғалым, профессор, Өзбекстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Өнер Жамалов атындағы орта мектеп;

Қазығұрт ауданының "Ленин жолы" орта мектебін - Ақбастау орта мектебі;

Қазығұрт ауданының Киров атындағы орта мектебін - Шарбұлақ орта мектебі;

Киров ауданының "Коммунизм" орта мектебін - "Достық" орта мектебі;

Киров ауданының Фрунзе атындағы орта мектебін - "Талапты" орта мектебі

Семей облысы бойынша

Ақсуат ауданының "Ленин жолы" орта мектебін - "Әкпеті" орта мектебі;

Ақсуат ауданының ВЛКСМ-ның 60 жылдығы атындағы орта мектебін - N 2 Ақсуат орта мектебі;

Мақаншы ауданының Киров атындағы орта мектебін - "Қаратұма" орта мектебі деп өзгерту туралы ұсыныстар қабылдансын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі